

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» ММ  
 ШЖҚ «КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ МӘНШҮК МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ  
 АҚТӨБЕ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКК


Педагогикалық  
 «АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ  
 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ»  
 МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ  
 ЖҮРІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ «КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ  
 БАТЫРЫ МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ  
 АҚТӨБЕ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»  
 «04» 09 2023 Ж.  
 КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРЫН  
 ЖҰМЫС ДАҒ  
 РАБОЧИЙ ЭКЗАМЕН



БЕКІТЕМІН  
 Колледж директоры  
 М. Кузбаков  
 2023 ж.

**СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Код	Шығарылым	Жасалды	Келді
АІМК-СМІ 26 02	Үшінші	04 09 2023 Жатақхана мені срушесі К.Т. Жадриева	04 09 2023 Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары <i>Сам</i> А.А. Куздыбаева Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары <i>Prof</i> С.М. Тәжібаева Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары <i>Ал</i> Ғ.М. Гөлеуов Білім берудегі сапа сарапшысы <i>АМ</i> Е. Абдуллина

<p>«Aqtöbe oblysynyñ densaylyq saqlay basqarmasy»MM SHIQ «Keñes Odağynyñ Batury Mänshük Mametova atyndagy Aqtöbe Joğary medisinalyq kolledji» MKK</p>		<p>ГКП «Актюбинский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Маметовой» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»</p>	
Sapa menedjment juesi			
AJMK-CMJ 26.02.	Studentik jataqhana tyraly ereje	Ozgeris#03	bet - 2 -10

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы», «Тұрғын-үй қатынастары туралы», «Мемлекеттік қызмет көрсетулер туралы» Заңдарына; «Жатақханаларды пайдалану ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің 1993 жылдың 3 маусымдағы №454 Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 11 маусымдағы №376 бұйрығына, «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі орындарды тарату ережелері туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылдың 22 қаңтардағы №66 бұйрығына, Еңбек (ішкі) тәртібі ережелеріне, санитариялық-эпидемиологиялық ережелерге, өрт талаптары мен нормаларына сәйкес әзірленген.

1.2. Осы ереже колледж сайтында [gkkr-amk.kz/kz/](http://gkkr-amk.kz/kz/) жалпы қолданысқа рұқсат берілген.

1.3. Жатақханадағы тұрғын үй-жайлар күндізгі бөлімде оқитын студенттердің уақытша тұруына арналған.

1.4. Жатақхананы пайдаланғаны үшін төлем мөлшерін оқу орнының басшылығы белгілейді.

1.5. Жатақханадағы тәрбие жұмысы бекітілген тәрбие жұмысы бойынша бағдарламаға сәйкес жүргізіледі.


1.6. Колледж оқытушылары мен қызметкерлері жатақханаға тәрбие жұмысы мәселелері бойынша келген кезде жатақханаға келу журналына тіркеледі және уәкілетті тұлға бекіткен кезекшілік кестесіне сәйкес күн сайын сағат 19:00-ден 21:00-ге дейін жатақханада болады.

1.7. Жатақханада орналасқан білім алушылардың тәртібін, тұрмыстық жағдайын, жатақханаға қонған, қонбағанын және бөлмелерінің санитарлық-гигиеналық жағдайын бөлім меңгерушілері мен топ жетекшілері тұрақты түрде қадағалайды.

1.8. Жатақханаға орналасушы жатақхана қызметкерлері мен әрбір білім алушы аталмыш Ережемен танысып, қол қоюы тиіс.

1.9. Осы Ереже жатақханада тұратын барлық білім алушылар мен жатақхана қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

1.10. Студенттің бөлмедегі жеке заттары мен мүлігінің сақталуына жатақхана әкімшілігі жауап бермейді.

<p>«Aqtöbe oblyssynyñ densaylyq saqtay basqarmasy»MM SHIQ «Keñes Odağynyñ Batıryı Manshük Mämetova atyndagı Aqtöbe Joğary medısinalyq kolledji» MKK</p>		<p>ГКП «Актюбинский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Мачетовой» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»</p>	
Sapa menedjment juresi			
AJMK-CMJ 26.02	Stydenttik jataqhana tyraly ereje	Ozgerister 03	bet - 3 - 10

## 2. ЖАТАҚХАНАДАН ОРЫН БЕРУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ

2.1. Жатақханадан орын беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет бұйрығымен бекітілген "кәсіптік және техникалық ұйымдарда білім алушыларға жатақхана беру" стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

2.2. Конкурстық комиссия жатақханада орын бөлуді төменде көрсетілген негіздер мен кезектілікті ескере отырып жүзеге асырады:

- 1) Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер;
- 2) Мүмкіндігі шектеулі (I және II топтағы мүгедек білім алушылар)
- 3) Аз қамтылған отбасынан шыққан студенттер;
- 4) Көп балалы отбасынан шыққан студенттер;
- 5) Мемлекеттік грант негізінде оқуға қабылданған бірінші курс студенттер;

### 2.3. Жатақханаға орналастыру тәртібі:

2.3.1. Білім алушы жатақханада тұруға жолдама алған күннен бастап үш күн ішінде орналасуы тиіс, олай болмағанда орын басқа білім алушыға беріледі.

- 1) орын беру туралы ұйым басшысының атына жазылған өтініш
- 2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат көшірмесі (болған жағдайда);
- 4) отбасы құрамы туралы анықтама, отбасы болған жағдайда;
- 5) ата – анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі (жетім балалар үшін);
- 6) отбасында 4 және одан да көп баланың болуы туралы анықтама (көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін);

2.4. Жатақхана меңгерушісі:


- 1) білім алушыны «Студенттік жатақханалар туралы Ережемең» таныстырады;
- 2) білім алушыны тұру жолдамасында көрсетілген бөлмеге орналастырады және қажетті құрал-жабдықтарды береді;
- 3) орналастыру кезінде бөлме мен ондағы жабдықтарды қабылданып-тапсырылады, білім алушы тұру мерзімінде оларға материалдық жауапты болады және жатақханадан шығу кезінде сол калпында қайта тапсырады.

## 3. ЖАТАҚХАНАДАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

### 3.1. Жатақханадан шығару тәртібі:

3.1.1. Жатақханада тұратын білім алушы жатақханадан келесі жағдайларда 3 күн ішінде шығарылуы қажет:

- 1) жатақханада тұрудың мерзімі аяқталғанда;
- 2) жатақханада тұру тәртібін бұзғанда;
- 3) үш күннен артық мерзімде себепсіз жатақханада қонбағанда;

<p>«Aqtöbe oblysynyń densaýlyq saıqtay basqarmasy»MM SHIQ «Keñes Odagynyń Batyry Manshuk Mämetova atyndaǵy Aqtöbe Joǵary medisinalyq kolledji» MKK</p>		<p>ГКП «Актыбінский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Маметовой» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актыбінской области»</p>
Sapa menedjment júesi		
АЖМК-СМЖ 26.02.	Студенттік жатақхана іс-шарасы ережесі	Өзгерістер 03 бет.- 4 -10

- 4) тұру ақысының төлем мерзімдерін бұзғанда;
  - 5) адамгершілікке жат мінез-құлық немесе заңға қайшы әрекет жасағанда;
  - 6) Алкогольді ішімдіктерді пайдалану және сақтау, мас күйінде келу, есірткі құралдарын, шайнайтын темекі бұйымдарын сақтау, таратып және пайдаланғанда;
  - 7) оқудан шығарылған кезде;
- 3.1.2. Білім алушы тәртіп бұзғаны үшін жатақханадан шығарылған жағдайда, барлық қалған оқу мерзімінде жатақханада тұру құқығынан айрылады.
- 3.1.3. Білім алушы жатақханада тұру мерзімі аяқталған кезде ағымды жөндеу жұмыстарын жасап, жатақхана меңгерушісіне мүлік пен бөлмені лайықты түрде тапсырады.


#### **4. ЖАТАҚХАНА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ**

##### **4.1. Жатақхана тұрғындары құқылы:**

- 4.1.1. Өздеріне бекітілген тұрғылықты бөлмеде осы Ережелерді сақтаған жағдайда Келісім-шарт мерзімінде тұруға;
- 4.1.2. Мәдени-тұрмыстық орындарды, жатақхана қондырғылары мен жабдықтарын пайдалануға;
- 4.1.3. Жатақхана меңгерушісіне уақтылы жөндеу жұмыстарын жасау туралы, тұрғынның кінәсінен емес істен шыққан қондырғылар мен жабдықтарды ауыстыру туралы өтініш жасауға;
- 4.1.4. Қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес өздерінің жеке құралдарын (электр плита, қысқа толқынды пеш, салқындатқыш, тоназытқыш, жылыту пешінен басқа) пайдалануға;
- 4.1.5. Өзіне бөлінген бөлмеден басқа бөлмеге нақты себеп болған жағдайда, арнайы рұқсатпен ауысуға;
- 4.1.6. Жатақхананың студенттік кеңесін қалыптастырып, оған мүше болып сайлануға;
- 4.1.7. Жатақхана студенттік кеңесі арқылы тұрғын үй-тұрмыстық жағдайды шыңдау, тәрбие жұмысы мен бос уақытты дұрыс ұйымдастыру бойынша мәселелерді шешуге.

##### **4.2. Студенттік жатақхана тұрғындары міндетті:**

- 4.2.1. Жатақхана қызметкерлеріне әдептілік көрсетуге;
- 4.2.2. Жатақханада тұру Келісім-шарты талаптарын орындауға;
- 4.2.3. Тұрғылықты жері бойынша уақытша тіркелуге;
- 4.2.4. Жатақханада тұру ақысын және барлық ұсынылатын ақылы қызметтер үшін белгіленген көлемдегі ақыны алдын-ала төлеуге;

<p>«Aqtóbe oblysynyń densaýlyq saқтау басқармасы»ММ          ШИО «Кеңес Одағының Батыры Мәмбетов Мәмбетова атындағы          Ақтóбе Жоғары медициналық колледжі» МКК</p>		<p>ГКП «Актóбинский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Маметовой» на ПХВ          ГУ «Управление здравоохранения Актóбинской области»</p>	
Сапа менеджмент жүйесі			
AIMK-CMJ 26.02.	Студенттік жатақхана тәртібі ережесі	Өзгерістер 03	бет.- 5 -10

4.2.5.2-4 курс студенттері бөлмеде екі күннен артық уақыт түнемейтін жағдайда жатақхана тәрбиешілеріне ескертуге;

4.2.6.1 Курс және колледж студенттері туыскандарының үйлеріне конатын болса, кімнің үйінде конатындығын, уақытын, мекен-жайын және телефонын тәрбиешілерге жаздырып кетуге; Ол туралы жатақхана тәрбиешісі ата-анасына немесе заңды өкіліне телефон арқылы хабарлап келісімін алады.

4.2.7.Тұрғылықты бөлме мен ортақ орындарды пайдалануда тазалық пен тәртіпті сақтауға: өз бөлмесінде күн сайын, ас дайындау бөлмесінде кезекшілік бойынша тазалық жұмыстарын жүргізуге;

4.2.8.Әр айдың 1-аптасында дизенфекциялық материалдармен тазалау күні. Осы күні әрбір тұрғын өзі тұратын бөлмесіне және қабатына тазалық жұмыстарын жүргізуге;

4.2.9.Санитарлық- эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды сақтауға, кірленуіне байланысты төсек- орынын (сейсеп, ақ жайма, жастық тысын) 15 күнде бір реттен кем емес ауыстыруға;

4.2.10.Электр қуаты мен суды үнемді етіп пайдалануға (бөлмеден шыққанда терезені жабу, құралдарды, жарық пен суды сөндіру);

4.2.11.Мәдени-тұрмыстық орындарды пайдалану кезінде тыныштық сақтауға және аталған орындарды басқа тұрғындардың пайдалануына кедергі келтірмеуге;

4.2.12.Осы Ережені, қауіпсіздік техника ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға;

4.2.13.Тұрмыстық электр жабдықтарын пайдалану бойынша нұсқауларды қатаң сақтауға;

4.2.14.Жатақханадағы арнайы орындар мен жабдықтарды, қондырғыларды ұқыпты пайдалануға;

4.2.15.Материалдық шығын келтірген жағдайда өтемін толтыруға;

4.2.16.Жатақханаға кіріп-шығу, қонақ қабылдау тәртібін сақтауға;

4.2.17.Қажеттілік туындағанда жатақхана әкімшілігіне тұрғын бөлмені тәуліктің кез-келген уақытында қарап шығуға мүмкіндік беруге;

4.2.18.Тұрғылықты бөлмеде кез-келген ақауларды байқаған бойда жатақхана меңгерушісіне хабарлауға;

4.2.19.Жатақханадан шығар алдында бөлмені тапсыру актісімен, жатақханаға тиісті барлық мүлікті тиісті түрде және тиісті күйде тапсыруға.

### **4.3. Жатақхана тұрғындарына тыйым салынады:**

4.3.1.Бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетінше көшуге, басқа бөлмеде қонуға;

4.3.2.Бір бөлмеден екінші бөлмеге жабдықтарды өз бетінше тасымалдауға;

4.3.3.Электр жүйесін өз бетінше жөндеуге;

4.3.4.Бөлменің кілтін басқа адамға беруге;

<p>«Aqtöbe oblysynyñ densärlıyq sıqtaı basqarmasy»MMI SHIQ «Keñes Odaǵynyñ Bıııry Mıńshık Mámetova atyndaǵy Aqtöbe Joǵary medıtsınalyq kolledжі» MKK</p>		<p>ГКП «Актюбинский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Маметовой» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»</p>	
Sapa menedjment júnesi			
AJMK-CMJ 26.02.	Stydenntik jańaqlama tıyaly ereje	Ozgerister 03	bet - 6 - 10

- 4.3.5.Жатақхана тұрғындарының тыныштығын бұзбау үшін 23:00-ден 07.00-ге дейінгі уақыт аралығында шулауға, қатты дыбысты заттарды пайдалануға және де басқа ісәрекеттер жасауға;
- 4.3.6.Жатақханаға оның мүлкінен бөлек жеке меншік заттарды (төсек жабдықтары, тұрмыстық техника, бағалы бұйымдар және т.б.) жатақхана меңгерушісінің рұқсатынсыз кіргізуге;
- 4.3.7.Тұрғын бөлменің, ортақ орындардың қабырғаларына хабарландыру, сабақ кестелерін және т.б. жапсыруға;
- 4.3.8.Тұрғылықты бөлмеде ас дайындауға;
- 4.3.9.Терезеден қоқыс және бөгде заттарды лақтыруға, ортақ орындарды қоқыспен және тұрмыстық қалдықтармен ластауға;
- 4.3.10.Мезгілсіз бөтен тұлғаларды жатақханаға кіргізуге және (немесе) түнетуге;
- 4.3.11.Жатақхана меңгерушісінің рұқсатынсыз бөлмені жөндеу жұмыстарын жүргізуге, мүлікті жөндеуге және ауыстыруға;
- 4.3.12.Жатақханада ашық от көздерін пайдалануға;
- 4.3.13.Жатақханада үй жануарларын ұстауға (оның ішінде балықтарды, құстарды, мысықтар мен иттерді);
- 4.3.14.Бөлмеде тұратын тұрғындарға кедергі келтіретін үлкен көлемді заттарды сақтауға;
- 4.3.15.Жатақханада темекі, кальян, алкогольдік ішімдік және есірткі қолдануға және сақтауға;
- 4.3.16.Дәрігердің белгілеуінсіз есірткі заттарын немесе психотропты дәрілерді қабылдауға, есірткі және психотропты дәрілерді сақтауға, таратуға;
- 4.3.17.Жатақхана территориясына қару, соның ішінде пневматикалық, зақымдаушы және суық қару әкелуге, сақтауға және қолдануға;
- 4.3.18.«Діни іс- әрекеттер мен діни бірлестіктер туралы» заңмен тыйым салынған діни жиналыстар мен іс- шаралар ұйымдастыруға немесе үгіт насихат жүргізуге;
- 4.3.19.Коммерциялық қызмет немесе құмар ойындарын ұйымдастыруға.

## 5. СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ ТӨЛЕМІ

- 5.1.Жатақханада тұру төлемі колледж директоры бекіткен баға тізімдемесіне сәйкес ай сайын жүзеге асырылады.
- 5.2.Білім алушы жатақханада тұрғаны үшін Келісім-шартқа отырған күннен бастап бекітілген тарифтер бойынша тұру ақысын төлейді.
- 5.3.Төлем банк арқылы банктік аударым арқылы жүзеге асырылады. Егер бір айдан артық өмір сүру үшін қарыз болса, колледж әкімшілігі уақытына қарамастан тұрғынды жатақханадан шығаруға құқылы.

<p>«Aqtöbe oblysynyñ densaylyq saıqtay basqarnasy»MM SHIQ «Keñes Odaǵynyñ Batyry Mámshuk Mámetova atyndaǵy Aqtöbe Joǵary meditsinalyq kolledj» MKK</p>		<p>ГКП «Актюбинский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Маметовой» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»</p>	
Supplementin jüesi			
AJMK-CMI 26 02.	Studentik jataqxana tyrtaly ereje	Ozgerister 03	bet - 7 - 10

## 6. СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНА ӘКІМШІЛІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 6.1. Студенттік жатақхана әкімшілігінің құқықтары:

- 6.1.1. Жатақхана тұрғындарынан тәртіп сақтауды талап етуге;
- 6.1.2. Жатақханада тұру ақысын уақтылы төлеуді талап етуге;
- 6.1.3. Қажеттілік туындағанда тұрғын бөлмені қарап шығуға;
- 6.1.4. Нақты себеп болған жағдайда тұрғынның бөлмесін ауыстыруға ұсыныс беруге;
- 6.1.5. Электр қуаты мен суды үнемдеуді талап етуге;
- 6.1.6. Тұрғын берілген дүние мүлікті қасақана, байқаусыз бүлдірген немесе жойған кезде, инженерлік коммуникацияларды саптан шығарған жағдайда мүлікті толық қалпына келтіруді талап етуге;
- 6.1.7. Жатақхана өмір сүру жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстарын білдіруге;
- 6.1.8. Жатақхананың студенттік кеңесімен бірлесе отырып, ішкі тәртіпті бұзатын тұрғындарға тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар беруге; жатақхана тазалығын қамтамасыз ету үшін тұрғындармен сенбіліктер ұйымдастыруға.

### 6.2. Студенттік жатақхана әкімшілігінің міндеттері:

- 6.2.1. Жатақхананың белгіленген санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес болуын қамтамасыз ету;
- 6.2.2. Білім алушыларды жолдама бойынша бөлінген орындарға орналастыру;
- 6.2.3. Тұрғындардың тұрғылықты жері бойынша уақытша тіркелуін қадағалау;
- 6.2.4. Жатақхананың құбыр жүйесінде, электр жүйесінде, су желісінде болған ақауларды шұғыл түрде жөндеуге ұсыныс беру;
- 6.2.5. Жатақхана бөлмелерін, мәдени-тұрмыстық орындарын пайдалану және санитарлық жағдайы бойынша кемшіліктерін анықтау мақсатында күнделікті тексеру;
- 6.2.6. Төсек жаймаларын 15 күнде бір реттен кем емес ауыстыруды қамтамасыз ету;
- 6.2.7. Тұрғындардың техника және өрт қауіпсіздігін сақтауын талап ету;
- 6.2.8. Тұрғындар тапсырыстарының мезгілінде орындалуын жүзеге асыру.

## 7. ЖАТАҚХАНАДА ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

7.1 Жатақханада тұратындар өз мүдделерін білдіретін жатақхананың студенттік кеңесі (бұдан әрі - жатақхана студенттік кеңесі) өзін-өзі басқару органы сайланады. Жатақхананың студенттік кеңесі бөлмелер (кабаттар) старосталарының қызметін үйлестіреді, жатақхананың өзіне-өзі қызмет көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, кезекшілік кестесін жасайды, жатақханада тұратын адамдарға бекітілген материалдық құндылықтардың сақталуын бақылауды ұйымдастыруға

<p>«Aqtöbe oblysynyń densalyq saqlay basqarmasy»MMI SHIQ «Keñes Odagynyń Batyry Maısbuk Mämetova atyndagı Aqtöbe Joǵary medisinalyq kolledji» MKK</p>		<p>ГКП «Актюбинский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Маметовой» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»</p>	
Sıpa menediment jınesi			
АЛМК-СМІ 26.02.	Студенттік жатақхана туралы ереже	Өзгерістер 03	бет - 8 - 10

тұратындарды қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауға тартады, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

7.2 Жатақхананың әрбір бөлмесінде (кабатында) староста сайланады. Бөлме (кабат) старостасы бөлмеде (кабатта) тұратындардың мүлікке ұқыпты қарауын, бөлменің (блоктың) таза және тәртіппен ұсталуын қадағалайды. Бөлме старостасы (кабат) өз жұмысында жатақхана студенттік кеңесінің және жатақхана әкімшілігінің шешімдерін басшылыққа алады;

7.3 Студенттер кеңесі тұратын жатақханалардың ішінен қабаттар мен күзет бекеттерінің кезекшілері тағайындалады. Қабат бойынша кезекшілер қабаттың старостасы болып тағайындалады. Кезекшілік кестесінің орындалуын бақылау қабат старостасына жүктеледі. Кезекшілер жуынатын және асхана, дәретханадағы, дәліздегі тазалық пен тәртіпке жауап береді, сондай-ақ раковиналардың, унитаздардың, крандардың, электр плиталарының және қабаттың қалған мүлкінің сақталуын қадағалайды;

7.4 Күн сайын жатақхана студенттік кеңесінің төрағасы старостасы бар бөлмелерді аралап, санитарлық жағдайын тексереді, нәтижелерін журналға енгізеді.